

ФИЛОСОФИЯНЫҢ ТАҢДАУЛЫ 25 КІТАБЫ

Жан Поль Сартр (1905–1980)

4-тарау. Қазіргі философия





Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы
Тарау: 3. Неміс философиясы
Дәріс: 23. Жан Поль Сартр (1905–1980)

Әдіс мәселесі (1960)

Сартрдың философиясы оның өмірімен және әдеби шығармашылығымен тығыз байланысты. Ол кем дегенде екі буынға үлгі болды. Сартрдың рухани ықпалы және әлемге танымалдығы оның шығармашылығының санқырлылығына байланысты. Әсіресе бұқаралық коммуникация құралдары қажеттілікке айналған уақытта Сартр да өзіндік бір құбылыс ретінде жарқ етті. Жеке өмірі, Симона де Бовуармен байланысы оның танымал болуына шығармашылығынан кем ықпал еткен жоқ. Оның философиялық шығармашылығы үш трактаттан тұрады: «Қиял қисыны», «Болмыс және ештеңе», «Диалектикалық ақылға сын». Сартр философиясының негізгі өзегі – тіршілік. Ол өзінің алдына тұлға не жасай алады деген сұрақ қояды. Бір жағынан, әлеуметтік және құрылымдық нұсқаулар бар: біз айналадағы тіршілік ету ортасының жемісіміз. Екінші жағынан, тұлғаның өзін-өзі дамытуға бағытталған әрекеті бар: «Бізге не жасағаны маңызды емес, сол бізге жасаған нәрсемен біз не істейміз, осы маңызды» (Сент Женэ, 1952).

Сартр осы сұрақты өзіне өмір бойы қоядан жалыққан емес және оның «Флобері» – нормандық ұсақ буржуа отбасынан шыққан жазушының өз дәуірін бейнелей алған авторға қалай айналғанын көрсетуге деген талпынысы. «Сөздер» кітабы – оның балалық шағын еске түсіретін өмірбаяны. Онда ол өзінің «әдеби невроз: жаппай көктеуі» туралы баяндайды. Бала күнінде Сартр мәдениетте өзін-өзі қайта туғызудың, қалыптастырудың, кітапқа айналып, өз шығармашылығының рухани перзенті болудың кілтін іздеген. Атасының ықпалымен әдебиет балаға әкесінің орнын жоқтатпады. «Сөздерде» Сартр өзінің сол «невроздан» айыққанын айтады, алайда енді ол оның мінез-құлқының негізіне айналған, өйткені қалай болғанда да «тегіңнен қашып құтылу мүмкін емес». Өзінің «әлемдегі болмысын» тануға ынтызар Сартр «шектестік» деген ұғымға тап болады. Кейін өзі үшін Гуссерльді жаңадан ашқан кезде осы ұғымды одан әрі дамытады. «Шектестік» дегеніміз – «әлемде қажетсіз болу» сезімі.

Егер Сартрдың өмірбаянын зерттеуші Мишель Конттың сөзімен айтсақ, Декарттың «Мен ойлаймын» дегені Сартрда былай естілер еді: «Мен қажетсізбін, ендеше мен бармын». Бұл «қажетсіздік» тіршілік ету сезімі, жирену сияқты сезіледі. «Шектестік» – маған мұраға қалған нәрсе. Сонымен бір мезетте менің тіршілігімді қозғалыс қана қолдап тұр, мен оның көмегімен алдын ала шешілмейтін болашаққа өзімді жоспарлап, өз болмысыма ене аламын; сондай-ақ мен оны еркін жүзеге асыруым керектігін сеземін. Мен өмір сүруге келіскен сәттен бастап, өз тіршілігіме жауаптымын. Өмірді бұлай қабылдау еріктен тыс. Ол кез келген өмір сүруге деген ынтадан бұрын пайда болады. Өз-өзіне қол жұмсау ғана ерікті нәрсе. Бұл – еріктің өзін-өзі жоятын жағдаяты. Сартрдың пікірінше, еркін болу – адамға шығарылған үкім. Мұндай еркіндік пайда болатын сәтті біз таңдай алмаймыз: Мен өзімнің тарихи, географиялық, қоғамдық, тағы басқа орындарымды таңдай алмағаным сияқты, өзімнің денемді де таңдай алмаймын. Бірақ мен осы фактілердің жиынтығына сіңіретін мән үшін жауап беремін.

1923 жылы педагогикалық институтқа түсуге дайындық кезінде Бергсонды оқыған Сартр философиямен айналысып, шектестік, еркіндік, жауапкершілік, ырықсыздық деген ұғымдарды дамыту керек деген ойға келеді. 1924 жылы институтта жүріп, ол Шопенгауэр мен Ницшенің еңбектерімен танысады, Декарт пен Спинозаны оқиды және Гегель мен Маркс туралы бір ауыз сөз айтылмаған ресми философия – идеалистік рационализмді зерттейді. Оның интеллектуал замандастарының бәрі дерлік саяси өмірге белсенді араласқанына қарамастан, Сартр ұзақ уақыт бірде-бір партияның қатарына қосылмай, саяси ұстанымын танытпай келді. Ол 1931 жылдан 1939 жылға дейін Гавр, Лан және Париж лицейлерінде философиядан сабақ береді, тек 1933–1934 жылдар аралығында бір жыл Берлинде болады. Сартр бой көтеріп келе жатқан нацизмді ескермей, Гуссерльді зерттей береді. «Эго тылсымы» туралы эссесінде ол оны санадан шығарып тастайды. Бұл еңбекте «Мен» өзін-өзі тани алатын сананың квазиобъектісі ретінде көрсетілген. «Мен» әлемнің барша объектісі сияқты «тыста» тұрады. Егер кез келген сана қандай да бір нәрсенің санасы болса, онда бұл жерде ішкі мазмұн, «кейінгі лек», психологиялық емес Хайдеггердің «Болмыс және уақытын» оқу Сартрдың дамуына едәуір серпін берді. Ондағы идеяны есте ұстап, бір жағынан Хайдеггердің пессимизміне бой алдырмау үшін ол «Болмыс және ештеңені» жазды.



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы

Тарау: 3. Неміс философиясы

Дәріс: 23. Жан Поль Сартр (1905–1980)

Соғыс кезінде Сартр дәуір атмосферасына тереңірек еніп, өзі үшін тарихты ашты. Ол адамгершілік туралы ойлардан праксис моралі жайындағы толғаныстарға көшеді. Еркіндіктің мәнін ұғынумен сабақтасқан жауапкершілік идеясы қатал әлеуметтік қақтығыстардың ортасында қалған әлемде саяси таңдау жасауға алып келеді. Сартр коммунистерді қолдайтын Қарсыласу қозғалысының қатарына қосылады. Оның өз ойын марксизммен, ал марксизмді өз ойымен орайластыратын кезі осы. Коммунизмнің адамды тапсыз я шекарасыз қоғам құру арқылы дамыту мақсаты еркіндік талаптарына жауап береді. Сонымен қатар коммунизм заттандырылады, қатаң ұйымдастырылады, оның мысалы – Сталиннің деспоттық мемлекеті. Тап жауы ретінде коммунистердің шабуылына ұшыраған Сартр марксизмді философия және ғылым ретінде ұғынуға тырысады. Екі блок арасындағы жаңа саяси күштің қалыптасатынына үміт артқан Сартр коммунистермен бірге болуды ұйғарып, 1968 жылға дейін солардың қатарында жүреді. Уақыт өте келе ол сыншыл бола түседі. Енді көбіне оппозиционер-коммунистерді қолдайды. 1957 жылы ол бір поляк журналына «Әдіс мәселесі» деген мақаласын жариялайды, кейін ол мақала «Диалектикалық ақылға сынның» бірінші бөліміне айналады. Әуелде біз де осы кітапты ұсыну нұсқасын қарастырған болатынбыз. Әйтсе де «Әдіс мәселесінде» Сартрдың қосқан үлесі мен дамытқан әдісін толық сипаттайтын жан-жақты ақпарат молырақ деген тоқтамға келдік. Сартр бұл әдісті Анри Лефеврдің мақаласын оқыған соң жасап шықты және кейінгі зерттеулерінде пайдаланды.

Түйін

1960 жылғы басылымның алғы сөзінде Сартрдың өзі жазғандай, «Әдіс мәселесі» – белгілі бір жағдайға орайластырылған шығарма. Бір поляк журналы өзінің кезекті нөмірін француз мәдениетіне арнамақ болып, одан «1957–2000 жылдардағы экзистенциализмдегі ахуал» туралы мақала жазуды өтінеді. Ал Анри Лефеврге, марксистік ұстанымдағы философ ретінде, сол нөмірге «Кейінгі жылдардағы Францияда марксизмнің қайшылықтары мен дамуын» жариялау ұсынылады. Сартр экзистенциализм туралы айтқанды да, оны анықтағанды да жақтырмайтынын аңғартады. Бұл – ұдайы қозғалыста болатын ізденіс. Сартр бұл таным теориясын қандай да бір аяқталған, күні өткен идея сияқты қарастырғысы келмейді. Сондықтан ол тіршілік пен білім арасындағы ішкі қақтығысты шешумен айналысып жатқан философия туралы орасан зор, ауқымды пікірталасқа өз үлесін қоспақ болады. Оның әуелде «Экзистенциализм және марксизм» деп аталған шығармасы кейін едәуір өңделіп, жаңа заманда «Әдіс мәселесі» деген тақырыппен жарияланды.

Сартр сұрақты былай қояды: «Бізде бүгін құрылымдық және тарихи антропология түзуге лайық құралдар бар ма?»

Шығарма үш бөлімге бөлінеді: марксизм мен экзистенциализм, делдалдық проблемасы және кейінді-ілгерінді әдіс.

I. Марксизм мен экзистенциализм

«Философия алуан түрлі болмайды, ол қашанда «біреу ғана» деп түсіндіреді Сартр. Дәл қазір бір ғана тірі философия бар. Философия қай дәуірде болсын «қоғамның жалпы дамуына өз көзқарасын білдіру» үшін қалыптасады. Ол «бас көтеріп келе жатқан таптың» өзін-өзі тануына жәрдемін тигізді. Картезиандық ілім заңгерлерге, алыпсатарларға, банк қызметкерлеріне өздерін тануға жағдай туғызды. Кантшылдық өндірушілерге, инженерлерге және ғалымдарға өздері қажет еткен әмбебап адамды жасап шығаруға мүмкіндік берді. Нағыз философиялық сипатқа сай келуі үшін тіршіліктің көрінісі, сонымен бірге заманауи білімнің қорытындыланған түйіні де болуы керек: «Философ бас көтеріп келе жатқан таптың өз уақыты мен әлеміне қатынасы мен техникасын білдіретін кейбір негізгі сезімдер кешенін өзара үйлестіре отырып, барлық білім атаулыны бір ізге салады». Күндердің күнінде қоғам әбден дамығанда, бұл түсіндіру жүйесінің дәм-тұзы таусылып, ескіреді. Сонда философиялық жүйе идеяға, адам ойының бір



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы

Тарау: 3. Неміс философиясы

Дәріс: 23. Жан Поль Сартр (1905–1980)

кезеңіне, оның даму кезеңіне айналады. Мәселен, картезиандық та Гольбахты, Гельвецийді, Дидроны, тіпті Руссоны шабыттандырған болатын. Философия – бір мезгілде білімнің, әдістің, реттеуші Идеяның, шабуылдаушы қарудың, тіл ортақтығының нәтижесін қорытындылау. Бұл – әлемнің іріп-шіріген қоғамды сауықтыратын көзқарасы.

XVII ғасырдан бері Сартр үш ірі философиялық сәтті бөліп қарастырады:

- Декарт пен Локк «сәті»;
- Кант пен Гегель «кезеңі»;
- Маркс «сәті».

Бұл үш философияның әрқайсысы өздері белгілеген «тарихи сәттер» аяқталмайынша, кез келген жеке ойдың немесе кез келген мәдениеттің аясы бола алады. Идеяны «тарихи сәттің» философиясына қалайда сай келтіру үшін оны күштеп тықпалап, өзгертіп, қайта қарастыратын ойшылдарды философ деуге болмайды. Бұлар – салыстырмалы адамдар, Сартр оларды идеологтар деп атауды ұсынады. Мәселен, экзистенциализм дегеніміз – идеология. Бұл – бастапқыда білімнің сыртында өмір сүретін, кейін оған сіңісіп кетуге тырысып бағатын тоғышар жүйе. Бір кездері гегельшілдік ең маңызды философиялық түйін саналатын. Гегельмен салыстырғанда Кьеркегор енді ғана есеп үйренген бала сияқты. Ол Гегельдің жүйесіне кірігіп кетеді. Бірақ дәл осы уәжбен Кьеркегор келіспейді:

«Тіршілік етіп жүргенада идея жүйесіне сіңісіп кете алмайды» дейді. Дегенмен егер Кьеркегор мәннің объективті әмбебаптығына таза жеке субъективтілікті айырбастап алғысы келсе, бұл оның ойларының гегельдік кезең философиясына толық үйлесуіне кедергі келтірмейді. Гегель мен Кьеркегор арасындағы шиеленіс – осы мәселенің айнасы. Гегельдікі дұрыс, ал Кьеркегор қателеседі. Кьеркегорға қарағанда Маркс гегельдік кезеңді еңсере алды, ал бұл оның Гегель қойған білім мәселесін праксис мәселесіне ауыстырғанының арқасында ғана мүмкін болды. Әлемді біліп қана қою аздық етеді, оны өзгерту керек, жасау керек. Адам абстрактілі болудан қалды, ол – нақты. Кьеркегормен де, Гегельмен де салыстырғанда Маркстің көзқарасы дұрыс, өйткені ол алдыңғысымен пікір таластырғанда адам тіршілігінің өзгеше екенін пайымдайды, ал екіншісімен пікірталаста – нақты адамды оның объективті шындығында қарастырады. Ойдың дамуы тарихилыққа орай көтерілген мәселенің орынды-орынсыздығына байланысты. Егер Кьеркегор жағдайында экзистенциализм орайлы болса, XX ғасырдағы Жаспердің жағдайында оның тарихи сәйкестігі мүлде басқа болады. Жаспердің идеологиясы толымдылық қарекеттің бейнесіндей еді. Ол жан аристократтығын орнықтыру арқылы өз ұстанымдарын бекіткісі келген ұсақ буржуазияның ниетін бейнеледі: «Жаспер тарихи қозғалыс барысында кері кетіп барады, өйткені праксистің шынайы қозғалысын абстрактілі субъективтілікке бағыттап отыр. Ал оның мақсаты жалғыз ғана – белгілі бір айрықша жеке қасиетке жету».

Философия өзінің бар болуымен-ақ білімнің құрылымын өзгерте алады. «Үстем таптың идеялары – үстем идея болады» дейді Маркс. Сартр «Ол дұрыс айтады» дейді де, Маркстің өзін қалыптастырған қоғамның оны қалай сыртқа тепкенін мысал ретінде көрсетеді. Тіпті бұл қоғамға Марксті оқы деп берген күннің өзінде, ол түсінуге тиіс нәрсені – теория мен практиканың арасында байланыс орнатуды түсінбес еді. Маркстің пікірінше, бұл байланыс жұмысшы таптың өзіндік санасы оянғанда ғана пайда болады:

«Бұл сананың оянуы интеллигенцияға сырттай әсер етеді және олардың ақыл-ойын шатастырады». Нақты өмірде алатын орнын анықтағысы келетін буынның өкілі тіршілік қажеттіліктерін өндіретін қаналушы жұмыскер бейнесін тапқанша біраз уақыт қажет болды. Экзистенциализм неге марксизмге еніп, сіңісіп кетпеді? Неліктен ол өзінше әрі қарай дамып, өмір сүре берді?

Буржуазияның бір тобы ретінде интеллигенция идеализм әдісінен бас тартуға мәжбүр болып, материализмге жеткізетін қажетті қадамды жасамай, үшінші жолды – экзистенциализмді ойлап тапты деп есептейді Лукач. Сартр оның түсіндірмесін жоққа шығарып, басқаша көзқарас ұсынады. Марксизм тоқтады, бұл – факт. Коммунистік лидерлер шындық пен ойды еркін меңгеру идеологиялық күресті әлсіретеді деп үрейленді. Олар объективті шындықты зерттеуді саясатқа тәуелді етуді көздеді, ал бұл өз кезегінде фетишизмге әкелді. Жағдайға қарамастан жоспарлауға мәжбүрледі: табиғи жағдайы сәйкес келмесе де, Будапештте метро салмақшы болды... Марксизм идеализмге айналды. Бір оқиғаны зерттемей тұрып, ол туралы ұғым бұрын



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы
Тарау: 3. Неміс философиясы
Дәріс: 23. Жан Поль Сартр (1905–1980)

қалыптасты. Бәріне де априори түсініктеме беріледі. Бұл дертке коммунистер ғана емес, оларға оң қабақ танытқандар мен жақындардың бәрі де шалдықты. Ал Марксте, керісінше, ешқашан априори идеялар болған емес. Ол процесті үнемі енді зерттелетін «жеке жиынтық» деп бағалады. Маркс әр оқиғаға оның жеке мағынасының сыртында әшкерелеуші рөл де қосады. Өйткені зерттеудің басшылыққа алған ұстанымы – синтездік жиынтықты іздеу. Кез келген жаңа анықталған факті бүтіннің бір бөлігі ретінде қарастырылып, бағаланады. Дәл сол фактінің негізінде, гипотезалар арқылы жиынтық анықталады, ол соның ішінде өз орнын табады. Қазіргі марксистерде фактіге деген осындай қарым-қатынас жоқ. «Бәрін оның бөліктері арқылы іздеу» деген ұстанымды олар «жеке бөліктерді алып тастау» деген ұстаныммен ауыстырды. Осылайша, әлеуметтік және тарихи тәжірибе Білім саласынан шет қалды. Америкалық зерттеушілер ғылым фактілерді бір тәртіпке келтіруге тырыспай, оларды жиынтыққа енгізбей, тек фактінің өзімен ғана жұмыс істейді деп есептейді. Марксистерде керісінше. Білімді ұйымдастыру идеясы пайда болады – мұнда мағына бар, бірақ факті жоқ.

Мұндай склероз философияның табиғи қартаюуына сәйкес келмейді. Марксизм аяқталған жоқ, ол біздің заманымыздың философиясы болып қала бермек. Экзистенциализмнің функциясы – қолда бар тәжірибенің негізінде нақты синтезді қамтамасыз ету, ал коммунизм мұны мүлдем ұмытты.

II. Делдалдық және қосымша пәндер мәселесі

Сартр өзінің неге тек марксист қана емес екенін түсіндіреді. Мәселен, егер ол Энгельспен және Гародимен, сонымен бірге марксизм ойдың анықтамасын беріп, оның орнын нақтылайтын жалғыз ілім деген көзқараспен келісетін болса, онда марксистерді қанағаттандыратын нақ осы шешім оған жеткілікті анықталған болып көрінбейді. Мысал ретінде ол Гереннің Француз революциясына қатысты сынының кейбір бөліктерінің жеңілдетілуін келтіреді. Қандай да бір топтың қай тапқа жататынын анықтау арқылы түсіндіру әрекет етіп отырған әлдебір тұлғаның немесе олардың тобының мінезінде болатын кейбір іс-әрекеттерді айқындай алмайды.

«Неліктен біз Гереннің тамаша әрі бұрыс дәлелдерін теріс қабылдаймыз? Өйткені нақты марксизм адамдарды күкірт қышқылы құйылған астауға салып ерітпей, оларды зерттеуі тиіс».

«Марксистік формализм дегеніміз – жоюдың әрекеті, саралаудан бас тартқаны себепті оның әдісін Террормен пара-пар деуге болады. Оның мақсаты – аз ғана күш жұмсап, толық ассимиляция жасау. Сөз түрлі нәрсенің өзіндік салыстырмалы автономиясын сақтай отырып интеграция жасау туралы емес, оларды жою туралы болып отыр: мәселен, идентификацияға талпынған мәңгілік қозғалыс бюрократтардың сәйкестендіргіш тәжірибесін бейнелейді». Диалектикалық әдіспен қатынасын үзген ойлы кісі үшін адамдар, олардың объектіленуі және жұмысы, ақыр соңында, олардың адами қарым-қатынастары – ең нақты нәрсе. Өйткені олар өздерінің бұрыннан да белгілі әлеуметтік анықтамаларына сай келеді. Біз білетін қоғамда кез келген жаңа факті (адам, әрекет, шығарма) өзінің тиісті орнында пайда болатынға ұқсайды. Ойдың прогресі фактінің төлтумалығын басты құрылымдармен салыстырып түсіндіре алу үшін, сол факт ерекшелігінің ең терең құрылымдарын зерделеуде көрініс табады. Қосарланған қозғалыс бар. Бірақ марксистер бұл қозғалысты жасамайды. Олар болып жатқан нәрсеге тек айдар тағумен ғана айналысады: қайсыбір кітаптың немесе шығарманың өзіндік бейнесін ашуға тырыспай, «идеалистік», «империалистік», «капиталистік» деп қоя салады. Осыдан ұдайы фетишизация, затқа табыну туындайды. Еріншек марксизм бәрін бір жерге үйе салады. Әрі қарай, Сартр «материалистік диалектиканың болашағына әлеуметтану мен тарихты интеграциялау үшін өте қарапайым әрі мінсіз тәсіл» деп тауып, Анри Лефеврдің әдісіне сілтеме жасайды.

Сартр кейін өзінің бүкіл әдісін бекітетін ұзақ үзіндіні сөзбе-сөз келтіргенді жөн көреді. Лефевр өзінің «Ауыл әлеуметтануының перспективасында» алдымен нақты дүниені көлденең құрылым ретінде қарастырады. Әңгіме техникаға және белгілі бір ауыл шаруашылығы өнімділігіне ие, сол техникамен, сол техника айқындайтын әлеуметтік құрылыммен байланыста тұрған адамдар тобы туралы болып отыр және бұл құрылым өз кезегінде техникаға жағдай жасайды. Бұл топ сонымен қатар ұлттық және әлемдік айналасымен анықталады, бұл сипатталуға тиісті көптеген



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы

Тарау: 3. Неміс философиясы

Дәріс: 23. Жан Поль Сартр (1905–1980)

аспектілерді береді. Бірақ мұндай көлденең құрылымды тік немесе тарихи құрылымның перспективасына қондыру керек. Екі құрылым да бір-біріне өзара әсер етеді. Мысалы, автор АҚШ-тағы ауылдарға адамдарды қаладан ауыстырып қоныстандырғанын ескертеді. Ал мұның түрлі салдары бар екені белгілі. Бұл құрылымның ішінде адасып кетпей, оны егжей-тегжейлі зерттеу үшін Лефевр бірнеше кезеңдері бар әдісті ұсынады:

А) Сипаттау – тәжірибе мен жалпы теорияны пайдаланып, бақылау;

Ә) Сараптамалық-кейінді – нақты тіршілікті сараптап, оны уақытпен тура байланыстыруға талпыну;

Б) Тарихи-генетикалық – түсіндірілген және түсінілген шынайы нәрсені табуға талпыныс.

Сартр бұл әдіс антропологияның барлық салаларында қолданыс табуы керек деп есептейді: «Осы әдіс қана салыстыруға мүмкіндік беріп, фактінің өзіндік сипатын анықтай алады».

Сартр Флобердің мысалына сүйене отырып, өзінің ой-тұжырымына қайта оралады. Ол оның балалық шағына шолу жасап, Бодлердің балалық шағымен салыстырғанда Флобердің өміріндегі бұл кезең әлдеқайда маңыздырақ болған деген шешімге келеді.

«Бүгінгі марксистер тек ересектердің ғана қамын жеп жүр: оларды оқып отырсаң, біз бірінші жалақымызды алатын кезде ғана дүниеге келетін сияқтымыз». Сөйтіп, балалар тек ата-анасының ғана әлеуметтік тәжірибесімен өмір сүреді. Отбасы құрамына ену фактісі өмір бойы сіздің артыңыздан ілесіп жүреді. Америкалық әлеуметтанушылардың басым көпшілігі сияқты Левин де топтың формасына ғана қызығушылық танытады. Ол өзінің тапқан құрылымдық олжасын тарихилықпен байланыстырмайды. Левиннің пікірінше, «әлеуметтанушының нақты орны жоқ, болған күннің өзінде оны сол орыннан ығыстырудың көптеген сақтық шаралары табылатыны анық». Шын мәнінде, бұл дұрыс емес: дамып келе жатқан топтың мүшелеріне қарағанда, әлеуметтанушының мәртебесі мүлде басқа. Тіпті егер әлеуметтанудың салыстырмалы түрде тәуелсіздігі болған күннің өзінде, тарихилыққа әлеуметтану кезеңін енгізіп отыру қажет. Сартр бұл постулатты Кардинердің орны табылуға тиіс антропологияға қосқан үлесін зерттей келе негіздейді. Әлеуметтануды марксизмге енгізу тіпті жеңіл, өйткені ол өзін контекстке жеңіл енетін гиперэмпиризм сияқты көрсетеді. Осыны білімнің басқа да салаларына, мысалы, психоанализге қатысты айтуға болады.

III. Кейінді-ілгерінді әдіс

Тарихты адамдар жасайды, ал тарих оларды анықтайды. Энгельстің бұл идеясын қалай түсінуге болады? «Механикалық» марксизм бұл тұжырымды өзінше түсініп, «ақыр соңында адамды экономика анықтайды, өйткені ол шартты рефлекстердің жиынтығы, енжар өнім» деп мәлімдейді. Маркс одан әлдеқайда күрделірек. Ол пайдалану барысында адам бір мезгілде әрі өзінің төл өнімінің өнімі, әрі қайткен күнде де өнім деуге келмейтін тарихи субъект деп есептейді. Сартрдың ойынша, жан сырқатына ұшыраған адамды өніммен шатастыруға болмайды. Өйткені адамды адам қылып көрсететін – оның жоспары. Ол тек праксистен пайда болады. Бірдеңені жасау барысында адам не жасау керектігін түсінеді. Ең жеке дара мүмкін нәрсе әлеуметтік мүмкін нәрсені байытатын оның ішкі бөлігі ғана болады. Егер әр адамға қоғам жарқын келешек болып көрінсе, онда бәрі өзгереді. Бұл келешек іс-әрекетті ынталандырады. Сартр дамытқан субъектілік пен объектіліктің диалектикасы бар. Біз өзіміздің тіршілік етіп жүруіміз арқылы-ақ әрқайсымызға берілген нәрседен озғанымызды көрсетеміз. Біздің мінез-құлқымыз, біздің біліміміз объективті өмірге араласады: оған тұтас индивидуум қатысады. Жеке-дара праксистер өздерінің төл мінезімен жинақталып есептеледі. Бірақ жоспар ішкі мазмұнға ие болу үшін инструменталды мүмкіндіктерді бағалау кезеңінен өтуі керек. Құралдармен қамтамасыз ету жоспарды нақты, объектілі етуге мүмкіндік береді.

Сартр мәдениеттен мысалдар келтіреді. Бірақ олар саяси және әлеуметтік әрекеттерге де қатысты: «Ол негізінен, бір жағынан, қажеттіліктер мен қарекет етуге талпыныс және ең жақын нысана арасындағы қайшылықтардан туындаса, екінші жағынан, әлеуметтік кеңістіктің ұжымдасқан құралдарының жиынтығынан, басқаша айтқанда, праксис инструментариінен туындайды».



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы

Тарау: 3. Неміс философиясы

Дәріс: 23. Жан Поль Сартр (1905–1980)

Экзистенциализмнің тарихи оқиғаға қызығушылық танытатын себебі осында. Адамды өз жоспары анықтайды. Ол үнемі өзіне қойылған шарттардан оза шабады. Жоспар объектілі бола түсіп, адамның жағдайынан асып түседі. Тіршілік ету – тұтас денеңді өзіңнен мәңгі жұлмалау деген сөз.

Қорытынды

Кьеркегордан кейін ойшылдар тіршілік етудің «онтологиялық кеңістігін» анықтамақ болды. Адам дегеніміз – шын мәнінде, өзіндік праксисімен анықталатын тарихи жаратылыс. Тіпті білімнің өзі үнемді: ол бұрыннан бар нәрсені өзгертеді. Осы онтологиялық саланы зерттеу барысында экзистенциализм барлық гуманитарлық және антропологиялық ғылымдардың қорына сүйенуге мәжбүр. Оның зерттеу пәні – бір мезгілде әрі диахронды, әрі синхронды тәсілдермен зерттеу қажет болатын «адам мәні». Адам болмысы адам жобасы ретінде үнемі түсінікті болатын жоспарға сүйеніп құрылады. Бұл түсінікті жақсылап ұғындыру керек. Тілде адам өзін адам объектісі деп атайды, бірақ тіл үнемі түсініп тұрған кезеңін көрсету үшін қайтадан өзіне нұсқайды, өйткені оның өзі – басқа емес, тіршілік. «Өмір сүру идеологиясының» шынайы рөлі – адамның ешқашан болып көрмеген «абстрактілі шындығын» сипаттау емес, антропологияға зерттеліп жатқан процестердің экзистенциалды ауқымын ескертіп отыру. Экзистенциализм марксизмге оның олқылықтарының орнын толтыру үшін кірігеді. Егер жұмыстың негізгі құрылымында жоспарлау болмаса, адамның өз өмірін ұдайы сүруінде ешқандай мағына болмайды. Экзистенциализм тарихты талдауға атсалысуы керек, ол үшін адамдардың жағдайын олардың тіршілігімен және осы жағдайға деген қатынасымен ұштастыруы тиіс. Марксистік зерттеу адамның толық ауқымын зерделеп біткен кезден бастап, экзистенциализмнің тіршілік етуге негізі қалмайды. Бұл жікке бөліну кезеңін жеделдету үшін Сартр осы эссеге кіріскен болатын.

Түсіндірме

Біз қарастырған эссе марксизмді «біздің уақытымызда жеткізбейтін көкжиек» деп пайымдайды. Бұл не: алдыңғы Сартрмен қош айтысу ма, әлде керісінше философияның екі кезеңінің түйісуі ме? Олар түйісе ала ма?

«Диалектикалық ақылға сынның» екінші бөлімі бұл сұраққа жауап береді. Субъективті тарихи материализмді зерттеу барысында феноменология көп көмек көрсетеді. Жеке-дара праксис – тарихты түсінуге мүмкіндік беретін нәрсе.

Сартр тарихты заттандырылған адами өнім ретінде емес, раритеттің экономикалық контекстінде жеке еркіндікпен тұтастырғысы келеді. Адамдарды «біркелкі ету», бөлу, автоматтандыру – мұның бәрі практикалық-инерттіліктен, ұйымдастырудан. Адамды анықтайын – оның өзі арқылы өтетін топтары, ұйымдары, мекемелері, ұлттары. Егер адам сол топқа араласып, ұйымдастыратын әрекеттер жасаса (біріккен топ), онда бекітілген шеңбердің сыртына шығу мүмкіндігі туындайды. Ұйымдастырылушы/ұйымдастырушы диалектикасы ұйымдастырудың жаңа деңгейіне шығады. Ол өз кезегінде жаңа ұйымдастырылған нәрсеге айналып, онымен қайтадан таласып, еңсеруге тура келеді, яғни диалектика – жеке праксисің әрі ұйымдастырушы себебі, еркіндігінің шарты болса, әрі әлеуметтік қозғаушы күші. Тарихи шындықтың тану әдісі және өндіру заңы бола тұра, диалектика әрі мөлдір, әрі лай болып көрінеді. Бірақ адам практикалық-инерттік деңгейде өз жұмысы мен рөлінің қайшылықтарын санасында жеңе алады. «Отбасындағы нақұрыс» – «Әдіс мәселесінің» іс жүзіндегі көрінісі. Бұл шығармада Сартр кейінді-ілгерінді әдісті мынадай мәселеге жауап беру үшін қолданады: «Адам туралы бүгін не білуге болады?» Бұл кітап аяқталмаса да, философия мен әдебиеттің синтезі, Сартрдың шығармашылығының қорытындысы іспеттес.